

2009 жылғы 1 желтоқсандағы жағдай бойынша банктік емес ұйымдардың ағымдағы жағдайы

2009 жылғы 1 желтоқсандағы жағдай бойынша республикада банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын 16 ұйым, оның ішінде 7 ипотекалық ұйым тіркелді.

2009 жылғы 1 қаңтардағы деректермен салыстырғанда банктік емес ұйымдардың секторында «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Ұлттық әл-ауқат қоры қызметінің мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу және «Қазақстан инвестициялық қоры туралы» Қазақстан Республикасы Заңының күші жойылды деп тану туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 13 қаңтардағы № 135-IV Заңын қабылдауға байланысты қаржы нарығы қатысушыларының сапалық және сандық өзгерісі болды, осының негізінде мына ұйымдардың лицензиясының қолданылуы 2009 жылғы 21 ақпан айынан бастап тоқтатылды:

- «Медетші қор» АҚ;
- «Қаржы орталығы» АҚ;
- «Достық Энерго» АҚ;
- «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ;
- «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ;
- «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компания» АҚ;
- «Қазақстан ипотекалық компаниясы» АҚ.

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ақша төлемі мен аударымы, қаржы ұйымдарының бухгалтерлік есебі мен қаржылық есептілігі, банк қызметі және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қызметі туралы Қазақстан Республикасының заңнамасын жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 11 шілдедегі № 185-IV Заңымен мынадай ұйымдардың 2009 жылғы 29 тамызда лицензиясының қолданылуы тоқтата тұрылды:

- «Ұлттық процессингтік орталық» АҚ;
- «Есептеу-кассалық орталық I» ЖШС;
- «PayLink» ЖШС;
- «Объединенная Система Транзакций» ЖШС.

Бұдан басқа, манадай банктік емес ұйымдардың лицензияларының қолданылуы тоқтатылды:

- «КҰРЫЛЫС ИПОТЕКА» ипотекалық ұйым» АҚ, 2009 жылғы 29 қаңтардан бастап №19;
- «Тимей» ФПК, 2009 жылғы 07 сәуірден бастап №111;
- «Алматы Финанс» ипотекалық ұйым» АҚ, 2009 жылғы 29 сәуірден бастап №128;
- «Бірінші Ипотекалық Компания» ипотекалық ұйым» АҚ, 2009 жылғы 21 шілдеден бастап №161;
- «ДАМУ» ипотекалық ұйымы» АҚ, 2009 жылғы 17 тамыздан бастап №257;
- «Астана-Финанс» АҚ 2009 жылғы 08 қарқүйектен бастап №270;
- «ҚАЗЭКСПОРТАСТЫҚ-СЕКЬЮРИТИЗ» АҚ 2009 жылғы 16 қарашадан бастап №342.

№	Ұйымдардың атауы	01.01	01.12
1	Ипотекалық ұйымдар	12	7
2	Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын өзге ұйымдар	22	9
	оның ішінде брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыратын	4	2
	Жиынтығы	34	16

Ипотекалық ұйымдар


Ипотекалық ұйымдардың барлық қаржы көрсеткіштерінің төмендеуі 5 ипотекалық ұйымның банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыруға лицензияның қолданылуы тоқтатылуына байланысты.

Активтер. 2009 жылғы 1 желтоқсандағы жағдай бойынша ипотекалық ұйымдар активтерінің жиынтық мөлшері 80 191,2 млн. теңге құрады, төмендеуі ағымдағы жылдың басынан бастап 62,6% (134 386,6 млн. теңге) болды.


Ипотекалық ұйымдар активтерінің жалпы сомасындағы елеулі үлесті заңды және жеке тұлғаға берілген заемдар - 89,3% (71 651,4 млн. теңге) алады, басқа банктерге орналастырылған салымдарға - 0,6% (485,3 млн. теңге), бағалы қағаздарға - 2,3% (1 898,7 млн. теңге), банктердегі корреспонденттік шоттарға – 1,6% (1 260,5 млн. теңге) келеді.

Ипотекалық ұйымдардың жиынтық активтерінің динамикасы мен құрылымы	01.01		01.12		Өсімі, %-бен
	млн. теңге	жиынтығын а %-бен	млн. теңге	жиынтығын а %-бен	
Ақша	1 736,0	0,8	930,4	1,2	-46,4
Корреспонденттік шоттар	8 788,1	4,1	1 260,5	1,6	-85,7
Бағалы қағаздар	12 502,2	5,8	1 898,7	2,3	-84,8
Басқа банктерге орналастырылған салымдар	7 822,0	3,7	485,3	0,6	-93,8
«Кері «РЕПО» операциялары	4 688,0	2,2	-	-	-100
Клиенттерге берілген заемдар	165 696,8	77,2	71 651,4	89,3	-56,8
Негізгі қаражат және материалдық емес активтер	4 119,9	1,9	1 607,3	2,0	-61,0
Клиенттерге ұсынылған заемдар мен қаржы лизингі бойынша резервтер (провизиялар)	-4 679,0	-2,2	-11 586,5	-14,4	2,5 есе
Өзге активтер	13 903,8	6,5	13 944,1	17,4	0,3
Барлығы активтер	214 577,8	100	80 191,2	100	-62,6

01.01 жағдай бойынша ипотекалық ұйымдар активтерінің құрылымы (%)



01.12 жағдай бойынша ипотекалық ұйымдар активтерінің құрылымы (%)




Кредиттік портфель. 5 ипотекалық ұйымның лицензиясының қолданылуы тоқтатылуына байланысты ипотекалық ұйымдардың жиынтық несиелік портфелі ағымдағы жылдың басынан 56,8%-ға (96 716,3 млн. теңге) кеміп, ағымдағы жылғы 1 желтоқсандағы жағдай бойынша 73 668,5 млн. теңгені құрады.

Ипотекалық ұйымдардың кредиттік портфелінің сапасын талдай келе стандартты кредиттер үлесінің кемігенін байқауға болады. Сөйтіп, ағымдағы жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша стандартты кредиттердің үлесіне 86,7% келді, ал 2009 жылғы 1 желтоқсандағы жағдай бойынша – 66,6% келді. Күмәнді кредиттердің үлесі 12,5% бастап 20,1% дейін өсті. Үмітсіз кредиттердің үлесі 2009 жылғы 1 желтоқсанда 13,3% құрайтынын атап өткен жөн. Абсолюттік мәнінде үмітсіз заемдар сомасы ағымдағы жылдың басынан бастап 8 381,8 млн. теңгеге көбейді.

Несие портфелі сапасының динамикасы	01.01		01.12	
	негізгі борыш сомасы, млн. теңге	жиынтығын а %-бен	негізгі борыш сомасы, млн. теңге	жиынтығын а %-бен
Несие портфелі барлығы	170 384,8	100	71 651,4	100
Стандартты	147 759,7	86,7	50 784,6	70,9
Күмәнділер	21 200,6	12,5	11 783,2	16,4
<i>1-санаттағы күмәнділер</i> – төлемдерді толық және уақтылы төлеген кезде	9 452,2	5,6	3 249,2	4,5
<i>2-санаттағы күмәнділер</i> – төлемдерді кешіктірген немесе толық төлемеген кезде	5 399,4	3,2	2 046,8	2,9
<i>3-санаттағы күмәнділер</i> – төлемдерді толық және уақтылы төлеген кезде	416,1	0,2	2 357,5	3,3
<i>4-санаттағы күмәнділер</i> - төлемдерді кешіктірген немесе толық төлемеген кезде	3 230,9	1,9	1 602,4	2,2
<i>5-санаттағы күмәнділер</i>	2 702,0	1,6	2 527,3	3,5
Үмітсіздер	1 424,5	0,8	9 083,6	12,7

Ипотекалық ұйымдардың несиелік портфелінің динамикасы, млрд. теңгемен




Ипотекалық ұйымдардың жиынтық несиелік портфеліндегі 2 ірі ипотекалық ұйымның үлесі ағымдағы жылдың 1 желтоқсандағы жағдай бойынша 97,7% құрады. Олардың ішінде: «БТА Ипотека» АҚ - 72,9%, «Астана-финанс» ипотекалық ұйымы» АҚ - 24,8%.


Міндеттемелер. Ипотекалық ұйымдардың жиынтық міндеттемелерінің мөлшері 2009 жылғы 1 қаңтардағы деректермен салыстырғанда 100 576 млн. теңгеге немесе 61,9%-ға кеміген және 2009 жылғы 1 желтоқсандағы жағдай бойынша 61 801,4 млн. теңге болды. Бұл ретте, ипотекалық ұйымдардың міндеттемелері құрылымында басқа банктер мен банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардан алынған заемдар (44,7%) және айналымға жіберілген бағалы қағаздар (43,9%) басым болды.

Ипотекалық ұйымдардың жиынтық міндеттемелерінің динамикасы және құрылымы	01.01		01.12		Өсімі %-бен
	млн. теңге	жиынтығы на %-бен	млн. теңге	жиынтығы на %-бен	
Басқа банктерден және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардан алған заемдар	52 688,1	32,4	27 161,1	43,9	-48,4
Бағалы қағаздармен «РЕПО» операциялары	-	-	-	-	-
Айналысқа шығарылған бағалы қағаздар	80 943,0	49,9	27 621,5	44,7	-65,9
Басқа кредиторлар	1 342,2	0,8	6 052,7	9,8	4,5 есе
Басқа міндеттемелер	27 404,1	16,9	966,1	1,6	-96,5
Барлығы міндеттемелер	162 377,4	100	61 801,4	100	-61,9

01.01. жағдай бойынша ипотекалық ұйымдар міндеттемелерінің құрылымы, (%)




01.12. жағдай бойынша ипотекалық ұйымдар міндеттемелерінің құрылымы, (%)



Кірістілік. Есепті күнге ипотекалық ұйымдар 5 442,4 млн. теңге мөлшерінде шығын шағарды. Есепті күнге кірістердің жиынтық мөлшері 29 304 млн. теңге (2008 жылғы 1 желтоқсанда – 32 944 млн. теңге), шығыстардың жиынтық мөлшері – 34 746,4 млн. теңге (2008 жылғы 1 желтоқсанда – 32 183,5 млн. теңге) болды.

Ипотекалық ұйымдардың кірістілігі, млн. теңгемен Доходность ипотечных организаций, в млн. теңге	01.12.2008	01.12.2009	Өсімі %-бен
Сыйақы алумен байланысты кірістер	22 230,1	10 296,4	-53,7
Сыйақы төлеумен байланысты шығыстар	15 518,1	6 186,1	-60,1
Сыйақы алумен байланысты емес кірістер	10 713,9	19 007,6	1,8 есе
Сыйақы алумен байланысты емес шығыстар	16 665,4	28 560,3	1,7 есе

Пайыздық кірістер құрылымында клиенттерге берілген заемдар бойынша сыйақы алумен байланысты кірістер ең көп үлес алады (34,2% немесе 10 009,5 млн. теңге), пайыздық шығыстар құрылымында – қамтамасыз етуге қаржымен байланысты шығыстар көп үлес алады (58,3% немесе 20 255 млн. теңге).



Ипотекалық ұйымдардың меншікті капиталы 2009 жылғы 1 желтоқсандағы жағдай бойынша 18 389,8 млн. теңгені құрады, 5 ипотекалық ұйымның лицензиясының қолданылуы тоқтатылуына байланысты бұл ағымдағы жылдың 1 қаңтардағы көрсеткіштен 64,8%-ға (33 810,7 млн. теңгеге) аз.

Меншікті капиталдың жеткіліктілігі	01.01	01.12
Төленген жарғылық капитал (оның ішінде қосымша капитал), млн. теңге	43 903,4	20 021,7
Есептелген меншікті капитал, млн. теңге	47 626,3	14 245,2
Меншікті капиталдың жеткіліктілік коэффициенті ($k_1 \geq 0,06$)	-	0,227
Меншікті капиталдың жеткіліктілік коэффициенті ($k_{1-2} \geq 0,06$)	-	0,239
Меншікті капиталдың жеткіліктілік коэффициенті ($k_{1-3} \geq 0,12$)	-	0,178